

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ИСЛАМ РЕНЕССАНСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІ

Т.Х.Габитов



ҰЛЫ ДАЛА КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІ

- Еуразиялық ұлы дала кеңістігінде орын алған этностардың өркениеттік дәстүрін жалғастырушы түркі өркениетінің өзіндік болмысы айрықша сипатқа ие. Отырықшы, жартылай отырықшы және көшпелі өмір салтын үйлестіре білген түркі мәдениетінің негізінде номадалардың мәдени-дүниетанымдық философиясы жатыр.



ҚОРҚЫТ АТА ТУРАЛЫ АҢЫЗ



- Қазақ аңыздары бойынша, Қорқыт ата өзінің желмаясына мініп алып, халыққа мәңгілік бақыт әкелетін жерұйықты іздеген. Ол философиялық өте маңызды мәселе өлім мен өмірдің мағынасы туралы, шектеулікті жеңіп шығудың жолдары туралы талай тамаша пікірлер айтады.




МӘНГІ ӨМІР ФИЛОСОФИЯСЫ

- Мәңгі өмір іздеген Қорқыт үнділік Будда сияқты, қайда барса да көр қазып жатқандарға жолығады, көктем-жаздағы жас желек күзде сарғайғаны тәрізді, өмірде де, «өлмейтін нәрсе жоқ» екендігі туралы қорытындыға келеді. Енді ол мәңгілік өмірді қобыз сарынынан іздейді. Ең ақырында қобыз күйімен көз жұмып, артындағы ұрпақтарға өлмес күйлерін қалдырады.



РЕНЕССАНС ИДЕЯСЫ

- «Қорқыт ата кітабы» түрік халықтарының алтын қорынан тиісті орнын алып отыр. Мәдениеттанулық әдебиетте өркениеттік уақыт Ренессанс идеясымен байланыстырылады. Бұл сөздің тікелей мағынасы «мәдени қайта жаңғыру» ұғымын білдіріп тұр және антикалық мәдениетті қайта жаңғыртқан итальяндық қайта өркендеу дәуірінен бастау алады.



ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ЖЕТІСТІКТЕРІ




- Ренессанс кұбылысы Орта Азияда X-XIII ғасырларда биік деңгейге көтерілді. Ал оның алғышарттарының бірі – VIII-X ғасырлар арасындағы түркі тайпаларының мәдени жетістіктері.



МӘДЕНИ ТУЫНДЫЛАР

■ Осы кезде Қазақстан жеріндегі қарахан, қыпшақ, оғыз мемлекеттерінде ірі тұлғалар талай мәдени туындыларды ұрпақтарына мұра етіп қалдырды. Олардың ішінде оғыз-қыпшақтардың «Оғызнеме» және «Қорқыт ата кітабы», қарахандағы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі» айрықша орын алды.



ШЫҒЫС РЕНЕССАНСЫ


- Шығыс ренессансының талай елдерді қамтыған және 500 жылдан артық өркендеген типі мұсылмандық мәдени өрлеу дәуірі екендігі белгілі. Оның әл-Кинди, әл-Фараби, ибн-Сина, Фирдауси, Ж.Баласағұн, Қожа Ахмет Иассауи, Омар Хайям сияқты өкілдерінің рухани мұрасын меңгермей, қазір мәдениетті адам деп есептелу қиын.



ӘЛ-ФАРАБИДІҢ РУХАНИ МҰРАСЫ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА
ҒАЛЫМДАР ТАРАПЫНАН ОЙДАҒЫДАЙ
ЗЕРТТЕЛГЕН. АЛ ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӨЗИ
ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗБЕГЕН ҒЫЛЫМ МЕН
МӘДЕНИЕТ САЛАСЫ ЖОҚ.



МӘДЕНИЕТТІ АДАМ
ТӘРБИЕЛЕУ
МӘСЕЛЕЛЕРІН ӘЛ-ФАРАБИ
ӨЗІНІҢ «ҚАЙЫРЫМДЫ
ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ
КӨЗҚАРАСТАРЫ ТУРАЛЫ»,
«БАҚЫТ ЖОЛЫНА
СІЛТЕУ», «АҚЫЛДЫҢ
МӘНІ ТУРАЛЫ»,
«ДАНЫШПАНДЫҚТЫҢ
ІНЖУ-МАРЖАНЫ»,
«БАҚЫТҚА ЖЕТУ
ЖАЙЫНДА» ЖӘНЕ Т.Б.
ТРАКТАТТАРЫНДА ЖАН-
ЖАҚТЫ ТАЛДАҒАН.





ШЫҒЫС РЕНЕССАНСЫ ТУРАЛЫ СӨЗ
ЕТКЕНДЕ ОНЫҢ ТАҒЫ БІР БАСТАУЫ
СОПЫЛЫҚ БАҒЫТ (СУФИЗМ) ЖӨНІНДЕ
АЙТПАЙ КЕТУГЕ БОЛМАЙДЫ. ҚАЗАҚСТАН
ЖЕРІНДЕГІ ҰЛЫ ҒҰЛАМАЛАР ЖҮСІП
БАЛАСАҒҰН, СҮЛЕЙМЕН БАҚЫРҒАНИ,
ӘСІРЕСЕ, ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА СОПЫЛЫҚ САРЫН
ҮЛКЕН ОРЫН АЛҒАН.





- Философиялық суфийлік ағымның негізін салушыларға әл-Ғазали мен Ибн-Араби жатады. Олардың ілімі бойынша, мәдениеттілік дегеніміз жан-жақты жетілген, толыққанды адамды үлгі-өнеге етіп қабылдау. Сопылық бағыттағы тағы бір гуманистік идея – ғарыш пен адамның тұтастығы. Кемеңгер, жетілген адамдар тұратын ғарыш мүмкін әлемнің ең жақсысы болып есептеледі.



■ «Құтты білік» кейіпкерлерінің есімдерінде бұрынғы тәңірлік дін нанымдарына қатысты. Басты бейне Күнтуды - әділ ел басшысының рәмізі. Бұл бейне «Күлтегін» жазуларынан басталып, әл-Фараби мен Қожа Ахмет Ясауи армандаған түрік мәдениетіндегі үлгі, мұрат тұлғаның бастысы, келесі кейіпкер әділ патшаның уәзірі, ақыл-парасаттылықтың иесі, елге бақ-дәулет, яғни құт әкелетін Айтолды бейнесі арқылы ашылған. Күн мен Ай қашаннан Кіндік Азия халықтарының пір тұтқан күш-қуаттары еді.



ТҮРІК ТАЙПАЛАРЫ ШЫҒЫС
РЕНЕССАНСЫНЫҢ ЖАЙ ҒАНА ШЕТКІ
АЙМАҒЫ ЕМЕС ЕКЕНІНІҢ БІР КУӘСІ –
МАХМУД ҚАШҒАРИДІҢ «ДИУАНИ
ЛУҒАТ АТ-ТҮРК» («ТҮРКІ СӨЗДЕРІНІҢ
ЖИНАҒЫ») АТТЫ ТУЫНДЫСЫ.

